

Республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу мен қорғау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау және қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 7 мамыр N 571. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.14. N 540 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында жер қойнауын геологиялық зерттеу мен қорғау жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік зерттеуді, жоспарлауды және қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Жер қойнауын геологиялық зерттеу мен қорғауды республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру жалпы мемлекеттік маңызы бар жұмыспен және шығынмен (мемлекеттік сатып алу) шектеледі деп белгіленсін, оларға мыналар жатқызылсын:

Жер қойнауын жалпы зерттеуге бағытталған 1:50 000 масштабты геологиялық, геофизикалық, суретке түсіру, жер сілкіністерін болжау, 1:100 000 және одан ұсақ масштабты гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, геоэкологиялық суретке түсіру және басқа жұмыстарды қоса алғанда, аймақтық геологиялық-геофизикалық зерттеулер; <*>

жер қойнауының және жерді пайдаланудың мониторингін жасау және жүргізу;

жалпы мемлекеттік сипаттағы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, тақырыптық жұмыстар, сондай-ақ жерді пайдаланудың нормативтік-құқықтық базасын жасауға байланысты жұмыстар;

жалпы мемлекеттік маңызы бар пайдалы қазбалардың кен орындарын ашқаны үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бір жолғы мемлекеттік сыйақы төлеу;

жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі қатынастарды мемлекеттік басқару мен реттеу функцияларын орындауға байланысты жұмыстар жөнінде жер қойнауын қорғау мен пайдаланудың аумақтық басқармаларын, Қазақстан республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жанындағы Қорлар жөніндегі мемлекеттік комитеті және "Қазмемжерқойнауы" минералды ресурстар бас басқармасын ұстау.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.08.15. N 1015 қаулысымен.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жұмыстар бойынша мемлекеттік сатып алуды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) қалыптастыру мен орындау осы қаулыда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты пайдалы қазбалардың кен орындарын іздестірулер, іздестіру-бағалау жұмыстары, (алдын ала, егжей-тегжейлі), жете барлау, одан кейінгі барлық жұмыстар тек жер қойнауын пайдаланушылар есебінен қаржыландырылады.

4. Мемлекеттік маңызы бар іздестіру, іздестіру-бағалау жұмыстарын, пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау және өнеркәсіптік игеруге дайындау, сондай-ақ басқа да жұмыс түрлерін республикалық бюджет шығындарын кейіннен жер қойнауын пайдаланушылар есебінен өтелетін етіп тек Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнаулы шешімдері негізінде республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруға рұқсат етілсін.

5. Осы қаулының 1-тармағында көзделмеген іздестіру, іздестіру-бағалау және барлау жұмыстары, басқа да жұмыстар жобалық қаржыландыру негізінде жұмыстарды одан әрі жалғастыру үшін оларды конкурстық негізде жер қойнауын пайдаланушыларға беруге дейінгі орындалған сатысында аяқталсын.

6. Жер қойнауын геологиялық зерттеу мен қорғау жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік реттеу үшін Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі жауапты деп белгіленіп, Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне:

Мүдделі министрліктердің мемлекеттік комитеттердің өзге де орталық атқарушы органдардың ұсыныстары мен келісімдері негізінде осы қаулының 1-тармағында көзделген жұмыстар бойынша құрылымдар мен көлемдерді дайындау және негіздеу;

осы қаулының 1-тармағында көзделген жұмыстар бойынша мемлекеттік сатып алуды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) кәсіпорындар мен компаниялар арасындағы конкурс шарттарына сәйкес орналастыру жолымен орындауды, сөйтіп тиісінше қабылдап алуды, орындалуына баға беруді және төлем жасауды қамтамасыз ету жүктелсін.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қойнауын пайдаланушылармен контракттар жасасатын және орындайтын құзырлы органдары, тау-кен өндірушілер мен мұнай-газ өндіруші компаниялар мен кәсіпорындар:

геологиялық ұйымдармен минералдық-шикізат базасын қайта жаңғыртуға және дамытуға бағытталған іздестіру мен барлау жұмыстарын жүргізуге арналған тікелей шарт жасауды қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен бірлесіп геология ұйымдарын тау-кен өндіретін және мұнай-газ

өндіретін кәсіпорындардың құрамына кіргізу, сондай-ақ оларды геологиялық-өндіру кәсіпорындары етіп қайта құру жолымен минералдық шикізат өндіретін және ұқсататын сабақтас саламен біріктіретін болсын.

8. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, басқа да орталық атқарушы органдары осы қаулыға қайшы келетін нормативтік актілерді қайта қарасын және күшін жоятын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі